

Қатты отындарды газдандыру
газгенераторларында жүргізіледі. Жанғыш газдарды (негізінен, CO, H₂ және CH₄-тен тұратын) алатын генераторларды *газгенераторлар* деп атайды. Қатты отындардың барлық түрін: таскөмірлер және қоңыр көмірлер, антрацит, кокс, жартылай кокс, торф, ағаштар, жанатын сланецтер және т.б. газдандырады.

Генераторлық газдарды негізінен металлургиялық, қыш және басқа өндірістерде, іштен жану қозғалтқыштарында, газтурбиналарда және тұрмыстық қажеттіліктерге отын ретінде қолданады. Үрлейтін газдың құрамына байланысты ауа газдары (газдандыру ауамен жүргізіледі), буауалық, буоттектік, сулы, жартылай сулы, оттеппен үрлеу газы болып бөлінеді.

Бұл процестің негізгі реакциясы өте қызған көмірдің және су буларының шамамен 1200⁰C температурада әрекеттесуі болып табылады:

